ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
Мемлекеттік мекеме
2003 ж. 17 - 10
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 354-1917-АҚ куәлік
Алғашқы тіркелген күні
2095 ж. "22" 12

ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
Мемлекеттік мекеме
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2007 ж. "22" 04 тіркелді
№ 354-1917-АҚ куәлік

КОШІРМЕ
КОПИЯ

«Востокмашзавод»
АҚ акционерлерінің
Жалпы Жылдық жиналысымен
БЕКІТІЛГЕН:
2007ж. 03 шілде

"ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
Мемлекеттік мекеме
Құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар
2007 ж. "22" 04 тіркелді
БСН 951240000551

«ВОСТОКМАШЗАВОД» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

Өскемен қаласы
2007 ж.

КІРІСПЕ

Нағыз Жаргы «Востокмашзавод» акционерлік қоғамының (ары қарай - «Қоғам») құрылтай құжаттарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестендіру мақсатында қабылданған. Нағыз Жаргы бұрынғы қабылданған барлық жаргыларды ауыстырады.

1. НАҒЫЗ ЖАРҒЫДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР

Аффиллирленген тұлғалар - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғаның біреуімен) қабылдаған шешіміне, жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (оның қызметін берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау мен қадағалау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар. Қоғамның аффиллирленген тұлғаларының тізімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.

Лауазымды тұлғалар -Қоғамның директорлар Кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе Қоғамның атқарушы органының қызметін жеке - дара жүзеге асыратын тұлға.

1.3. **Айқын басым көпшілік** -Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде (3/4) төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік.

1.4. **Айырбасталатын бағалы қағаздар** - Қоғамның шығару проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын бағалы қағазы.

1.5. **Ірі мәміле** -нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп проценті болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен айыратын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

-нәтижесінде қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп проценті мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

-Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мәміле.

1.6. Кумулятивті дауыс беру	- дауыс беруге қатысушы әрбір акцияға Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санына тең дауыс келетін дауыс беру тәсілі.
1.7. Ірі акционер	- бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер.
1.8. Тәуелсіз директор	- Қоғамның Аффиллирленген тұлғасы болып табылмайтын және Директорлар Кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда); - Қоғамның Аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен Аффилиирленген тұлға болып табылмайтын; -Қоғамның аффиллирленген тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныштылығы жағынан байланысты емес; - мемлекеттік қызметкер емес; - Қоғамның аудиторы емес және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; - Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі Директорлар Кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған Директорлар Кеңесінің мүшесі.
1.9. Жарияланған акциялар	- шығарылуын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногі туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйым тіркеген Қоғам акциялары.
1.10. Тіркеуші	- Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйым.
1.11. Қоғамның мәміле жасауға мүдделігі	- Қоғамның Аффилиирленген тұлғалары мәміленің бір тарабы болатын немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы; - Қоғамның Аффилиирленген тұлғалары мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатын заңды тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары болса жасалатын мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мәміле.

1.12. **Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)** -Қоғамның қызметі туралы ақпараттарын жариялауға пайдаланылатын БАҚ: «Казахстанская правда» газеті және (немесе) «Юридическая газеті» және (немесе) «Заң газеті». Қоғам көрсетілген БАҚ ақпараттарды жариялау мүмкіндігі болмаған жағдайда Қоғамның атқарушы ұйымының шешімі бойынша басқа БАҚ (уақытша) таңдайды.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның қазақ тіліндегі толық атауы: **«Востокмашзавод» Акционерлік қоғамы.**

2.2. Қоғамның қазақ тіліндегі қысқартылған атауы: **«ВКМЗ» АҚ.**

2.3. Қоғамның орыс тіліндегі толық атауы:**Акционерное общество «Востокмашзавод».**

2.4. Қоғамның орыс тіліндегі қысқартылған атауы: **АО «ВКМЗ».**

2.5. Қоғамның ағылшын тіліндегі толық атауы: **Vostokmashzavod Joint Stock Company.**

2.6. Қоғамның ағылшын тіліндегі толық атауы: **VKMZ JSC**

2.7. Қоғамның атқарушы ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070018, Өскемен қаласы, Тәуелсіздік (Независимости), даңғылы, 86.

3. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Қоғамның нағыз Жарғысы мен ішкі нормативті құжаттар негізінде жүзеге асырады.

3.2. Қоғамның қаржылық және өндірістік іс-әрекеті жеке шаруашылық негізінде жүзеге асырылады.

3.3. Қоғамның өз жеке балансы, банктік және басқа есеп шоттары, өз атауы көрсетілген мөрі бар.

3.4. Қоғамның өзінің үлгілері Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпке сәйкес бекітілетін және тіркелетін тауарлық белгілері мен таңбалары болады.

3.5. Қоғамның қызмет ету мерзімі шексіз.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МІНДЕТІ МЕН ҚҰРАЛЫ:

4.1. Қоғам қызметінің негізгі міндеті табыс табу.

4.2. Қоғам қызметінің құралы болып табылады:

4.2.1. машина жасау және құйма өнімдерін өндіру, қайта өңдеу;

4.2.2. көтергіш құрылғыларды жөндеу мен жасау;

4.2.3. қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстар мен құбырларды өндіру мен жөндеу;

4.2.4. тау-кен жабдықтарын жасау мен жөндеу;

4.2.5. халықтық тұтыну тауарларын өндіру мен сату;

4.2.6. жанармай құю станцияларын жабдықтау мен қызмет көрсету;

4.2.7. жобалау-зерттеу, құрылыс-монтаждау жұмыстары;
4.2.8. құрылыс материалдарын, өнімдерін, құрылымдарды өндіру жұмыстары;
4.2.9. өлшеу құралдарын өндіру, тексеру, жөндеу;
4.2.10. медициналық қызметпен айналысу;
4.2.11. ішкі экономикалық әрекет;
4.2.12. инвестициялық әрекет;
4.2.13. мемлекеттік ұйымдардың, заңды және жеке тұлғалардың жұмысын істеу мен оларға қызмет көрсету;
4.2.14. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдарға арналған қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

4.3. Қоғам қызметіне лицензия талап етілуіне байланысты Қоғам сәйкес лицензия алғаннан кейін өз қызметін іске асырады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған бардық құқықтар мен міндеттерді атқарады.

5.2. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

5.3. Қоғам өз атынан келісім (шарт, келісім-шарт) жасай алады, мүліктік және мүліксіз құқықтарға ие бола алады, сотқа талап қоюшы және жауап беруші тұлға ретінде қатыса алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарсы емес іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

5.4. Қоғамның Қазақстан Республикасы территориясында және шетелде барлық формадағы жеке меншігі бар, заңды тұлғалармен бірлестікке кіруге, құрылтайшы болуға, Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпке сай, басқа да шаруашылық субъектілерге қатысуға құқығы бар.

5.5. Қоғамның шетелде шаруашылық қызмет етуге, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекет территориясында бірлескен кәсіпорындарды құруға, олардың қызметіне қатысуға, шетелдің заңды және жеке тұлғалары қатысқан, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар құруға құқығы бар.

5.6. Қоғам облигациялар мен басқа түрдегі бағалы қағаздарды шығаруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша, оларды таратуға құқығы бар.

5.7. Қоғам Қазақстан Республикасы мен шетелде өз филиалдары мен өкілеттіктерін құруға, оларды негізгі және айналым құралдарымен өз жеке мүлкі есебінен қамтамасыз етуге, олардың жағдайларын бекітуге құқығы бар. Филиалдар мен өкілеттіктердің мүлкі Қоғамның балансына есепке алынады.

5.8. Филиалдар мен өкілеттіктерге басшылық етуді Қоғамның уәкілетті органы тағайындаған, сенімхат негізінде қызмет етуші тұлға жүзеге асырады.

5.9. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында және нағыз Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

6. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген шектемелерді есептегенде, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденттері емес заңды және жеке тұлғалары бола алады.

6.2. Акционерлердің :

6.2.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және нағыз Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

6.2.2. дивидендтер алуға;

6.2.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысында немесе нағыз Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

6.2.4. Тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6.2.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6.2.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға ;

6.2.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға салау келіп түскен күннен бастап 30 күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

6.2.8. Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне ие болуға;

6.2.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бекітілген тәртіпке сәйкес, Қоғамның артықшылықты акциялары мен бағалы қағаздарын сатып алуға құқықтары бар.

6.3. Ірі акционерлердің :

6.3.1. акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге, немесе Қоғамның Директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап- арызбенсотқа жүгінуге ;

6.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

6.3.3. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6.3.4. өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

6.4. Қоғамның артықшылықты акциялары иелерінің, Қоғамның жай акциялары иелері алдында нағыз Жарғыда белгіленген, алдын ала кепілденген мөлшерде дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша, Қоғамның таралуы кезінде мүліктің бөлігіне ие болуға құқығы бар.

6.5. Акционерлердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтары бар.

6.6. Акционерлер:

6.6.1. Қазақстан Республикасы заңнамасында және нағыз Жарғыда қарастырылған тәртіп бойынша акцияларды төлеуге;
6.6.2. осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
6.6.3. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
6.6.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және Жарғыға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

7. ҚОҒАМ МҮЛІГІ

7.1. Қоғам мүлкі Қоғам қызметін қамтамасыз етуге арналған, соның ішінде мұндай қызмет нәтижесінде пайда болған Қоғамның міндеттерін қамтамасыз етуге арналған.
7.2. Қоғамның мүлкі келесі пайда көздерінен :

7.2.1. Жарғылық капиталға жарналар беруден;
7.2.2. қызметтен алынған табыстан;
7.2.3. бағалы қағаздардан түскен табыстан;
7.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған, басқа да пайда көздерінен құрылады.

8. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

8.1. Қоғамның жарияланған акциялар саны мен түрі туралы мәліметтер Қоғамның акция шығару проспектісінде көрсетіледі. Қоғамның Жарғылық капиталы құрылтайшылар мен инвесторлардың акцияларды олардың нақтылы құны бойынша төлеуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастырылады.

8.2. Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайтуға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының немесе соттың шешімімен Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жол беріледі.

9. ҚОҒАМНЫҢ РЕЗЕРВТІ КАПИТАЛЫ МЕН БАСҚА ҚОРЛАРЫ.

9.1. Қоғам өзінің шығындарын жабу үшін, жарғылық капиталдың 25 пайызынан төмен емес мөлшерде, Қоғамның резервті капиталын құруға құқылы. Резервті капиталды

пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

9.2. Қоғамның салық төлеуден кейінгі, басқа да бюджеттік, бюджеттік емес қорларға міндетті төлемдерінен кейінгі қалған табысы Қоғамның өз қолында қалады және өз бетімен қолданылады.

9.3. Қоғамда басқа да қорлар құрылуы мүмкін (жинақтау қоры, өндірістік емес шығындар қоры, т.б). Мұндай қорлардың тізбесі, құқықтың тәртіптемесі, құрылу мен пайдалану тәртібі, сондай-ақ табысты Қоғамның қорларына бөлу нормативтері Директорлар Кеңесімен белгіленеді және акционерлер Жалпы Жиналысы шешімімен бекітіледі.

10. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ИЕЛЕРІНІҢ ТІЗІЛІМІ.

10.1. Қоғам шығарылуы Қазақстан Республикасы заңнамасында рұқсат етілген акцияларды, халықаралық облигацияларды, басқа да облигацияларды шығаруға құқығы бар. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, тіркеу, орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және нағыз Жарғымен айқындалады. Қоғам Конверсияланатын бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар.

10.2. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқығы бар. Қоғам акциялары атаулы болып табылады және құжаттамасыз түрде шығарылады.

10.3. Акция - Қоғамның шығарған, оның түріне байланысты Қоғам табысының белгілі бір бөлігін дивиденд түрінде алу, Қоғам істерін басқаруға қатысу, сондай-ақ Қоғамның таралуынан кейін мүлікке ие болу құқығын растайтын бағалы қағаз. Жай акция акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру құқығын береді.

10.4. Қоғамның Қоғам шығарған акцияларын сатып алуға опцион жасау құқығы бар, бірақ бұл жағдайда Қоғам акциялары мұндай опцион құралы болса, Қоғамның жарияланған және орналастырылған акцияларының айырмасынан аспау керек.

10.5. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілдікке салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10.6. Қоғамның жай акцияларын иеленуші Акционер, егер кепілзат шарттарынан басқасы қарастырылмаса, кепілдікке салынған акцияларға дауыс беруге құқығы бар.

10.7. Тіркеуші бағалы қағаздар рыногі заңнамасына сәйкес Қоғамның бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу, қалыптастыру, сақтауды іске асырады.

10.8. Қоғамның Тіркеушісі Қоғамның Аффилиирленген тұлғаларына және Қоғамға Аффилиирленген тұлға болмайды.

10.9. Тіркеуші құжаттамасыз бағалы қағазға құқығын растайды немесе бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесінен атаулы ұстаушыға көшірме береді, не атаулы ұстаушының есебінен көшірме береді.

10.10. Қоғам орналастырылған бағалы қағаздарды кепілдікке Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген жағдайда ғана қабылдайды.

11.8. Дивиденд алуға құқылы акционерлер тізімі, дивиденд төлеудің басталу мерзіміне дейін құрылуы тиіс.

11.9. Қоғам акцияларына дивиденд төленбейді:

11.9.1. егер жеке капиталдың теріс мөлшерінде немесе қоғамның жеке капиталы акциялар бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесі теріс мөлшерде болса;

11.9.2. егер Қоғам акциялары дивидендтерін төлеу нәтижесінде , Қоғамның Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес, Қоғамның төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері көрінсе төленбейді.

11.10. Акционерлердің алмаған дивидендтеріне пайыз есептелмейді.

12. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ МЕН АУДИТІ

12.1. Қоғамның қаржылық есептемесіне Қазақстан Республикасының бухгалтерлік және қаржылық есептемесі туралы заңнамасына сәйкес, қоғамның бухгалтерлік балансы, табыс пен шығыс есебі, ақша қозғалысы кіреді.

12.2. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жылмен сәйкес келеді.

12.3. Қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есептемесін жүргізу тәртібі мен Қоғамның қаржылық есептемесін ұсыну, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік және қаржылық есептемесі туралы заңнамасы және бухгалтерлік есеп стандарттарымен айқындалады.

12.4. Қоғамның Атқарушы ұйымы жыл сайын акционерлер Жалпы жиналысына өткен жылдың қаржылық есептемесін ұсынады. Оның аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет заңнамасына сәйкес, сондай-ақ, аудиторлық есепті талқылауға және бекітуге байланысты өткізіледі. Қоғамның жылдық қаржылық есебі Қоғамның Директорлар Кеңесімен алдын-ала акционерлер Жалпы жиналысынан 30 (отыз) күн бұрын бекітілуі тиіс. Қоғамның Атқарушы ұйымы қаржылық есептемеден басқа, Жалпы жиналысқа аудиторлық есептеме жібереді.

12.5. Акционерлер Жалпы жылдық жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептемесінің ақыры бекітілуі жүзеге асырылады.

12.6. Қоғам Қазақстан Республикасының қаржылық ұйымдар мен қаржылық рынокты реттеу және қадағалау агенттігінің бекіткен мерзімінде жылдық бухгалтерлік есептемені, (капиталдың барлық өзгерулерін көрсететін) ақша қозғалысы туралы есептемені, табыс пен шығын туралы есептемені акционерлер Жалпы жылдық жиналысында жариялауға міндетті.

12.7. Қоғам жылдық қаржылық есептеменің аудитін өткізуге міндетті.

12.8. Қоғам аудиті Директорлар Кеңесінің бастамашылдығымен, Қоғам есебінен Атқарушы ұйыммен немесе 1рі акционердің өз қаражаты есебінен өткізілуі мүмкін.

13. ҚОҒАМ ҮЙЫМДАРЫ.

13.1 Мыналар Қоғам ұйымдары болып табылады:

13.1.1. Жоғарғы үйым - Акционерлер Жалпы жиналысы ;
13:1.2. Басқарушы үйым - Директорлар Кеңесі;
13.1.3. Атқарушы үйым - Бас директор.

13.2. Қоғамның қоздеуі бойынша басқа да үйымдар құрылуы мүмкін. Олардың құрылу тәртібі мен құзыреттілігі Қоғамның Жалпы жиналысы бекіткен ішкі нормативті құжаттарымен айқындалуы мүмкін.

14. АКЦИОНЕРЛЕР ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

14.1. Акционерлер Жалпы жиналысы Қоғамның Жоғарғы үйымы болып табылады.

14.2. Акционерлер Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

14.2.1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа басылымын бекіту;
14.2.2. Қоғамның корпоративті басқармасының Кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
14.2.3 Қоғамды ерікті түрде қайта үйымдастыру немесе тарату;
14.2.4 Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялары түрлерін өзгерту;
14.2.5 Қоғамның бағалы қағаздарының конверсиялану тәртібі мен шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
14.2.6 Есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
14.2.7 Директорлар Кеңесінің сан құрамын, өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен талаптарын анықтау;
14.2.8 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйымды белгілеу;
14.2.9 Жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
14.2.10 Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
14.2.11 Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай акциялары және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
14.2.12 Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
14.2.13 Акционерлер Жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау тәсілін белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы шешім қабылдау;
14.2.14 Қоғам акцияларды Қазақстан республикасының бағалы қағаздар рыногі туралы заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда лоардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
14.2.15 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
14.2.16 Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, соның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
14.2.17 «Алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

14.2.18 Шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында және нағыз Жарғыда Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Нағыз Жаргының 14.2.1.-.14.2.5. тармақтарында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлауда дауыс беру кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

14.3. Қоғамның ішкі қызметіне байланысты, Қоғамның кез келген ұйымының шешімін Акционерлер Жалпы жиналысы алып тастауға құқылы.

14.4. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізеді.

Басқа барлық акционерлер Жалпы жиналысы кезеңсіз болады. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты, орны Директорлар Кеңесімен анықталады.

14.5. Акционерлер жылдық Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесімен шақырылады. Акционерлер жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі 5(бес) ай көлемінде өткізілуі керек Айтылған уақытта, есептеме кезеңінде Қоғамның аудиторлық қызметін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда 3 айға созылады. Акционерлер кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесі немесе Қоғамның Ірі акционері бастамасымен шақырылады.

14.6. Акционерлер жылдық Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі бекітіледі. Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын болу тәртібі анықталады, сондай-ақ басқа мәселелер қарастырылады.

14.7. Акционерлер Жалпы жиналысын Қоғамның Бас директоры, жасалған келісім-шартқа сәйкес Тіркеуші, Қоғамның Директорлар Кеңесі, Қоғамның таратушы комиссиясы дайындайды және өткізеді.

14.8. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу туралы мәлімет акционерлерге бұқаралық ақпарат құралдарында, өткізілуінен 30(отыз) күн бұрын, жазбаша ескерту түрінде жіберіледі. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мәліметтер болуы тиіс.

14.9. Тіркеуші Қоғамның акция ұстаушылар тізілімі негізінде, Акционерлер Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін құрайды. Көрсетілген тізімді құру мерзімі акционерлер Жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдау күнінен бұрын белгіленуі мүмкін емес

14.10. Әрбір акционер Жалпы жиналыста жеке-дара немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жазылған сенімхаты бар, уәкіл арқылы қатысуға құқығы бар.

14.11. Егер акционер Жалпы жиналысқа өзі қатыса алмаса, ол өз атынан уәкілетті тұлғаны тағайындай алады. Ол уәкілетті тұлғаның өкілеттігі сенімхатта көрсетілуі керек.

12

14.12. Егер Акционерлер Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған жағдайда, жиынтығында 50 % (елу) пайыз не одан артық акцияларды иеленуші, оған қатысу мен дауыс беруге құқылы акционер тіркелсе, онда Акционерлер Жалпы жиналысы күн тәртібі бойынша мәселелерді қайта қарастыруға шешім қабылдайды.

14.13. Болмай қалған жиналыс орнына өтетін. Акционерлер Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырып, олар бойынша мына жағдайларда шешім қабылдай алады:

14.14. Кворум болмауына байланысты Акционерлер Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса:

14.15. Қоғамның дауыс беруші акцияларына жиынтығында 40 % (қырық), не одан жоғары пайызына иеленуші акционерлер (не олардың уәкілдері) тіркеу аяқталу кезінде тіркелсе;

14.16. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына, нағыз Жарғыға, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарға немесе Акционерлер Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес анықталады.

14.17. Акционерлер Жалпы жиналысының ашылуына дейін оған келген акционерлерге (олардың өкілдеріне) тіркеу жүргізіледі. Кворумның түгел болуына байланысты Акционерлер Жалпы жиналысы жарияланған уақытта ашылады.
Акционерлер Жалпы жиналысы Қоғамның төрағасы мен хатшысын сайлайды. Оларды сайлау шешімі сайлауға қатысушылар жай көпшілігімен жүзеге асырылады, дауыс беру «бір акция-бір дауыс» қағидасы бойынша өткізіледі.

14.18. Акционерлер Жалпы жиналысы (бюллетень) бойынша, ашық немесе құпия дауыс беру түрін анықтайды. Қоғамның Бас директоры Акционерлер Жалпы жиналысына басшылық ете алмайды.

14.19. Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғам Директорлар Кеңесімен құрылады және онда талқыланатын сұрақтардың ең негізгі тізімі болуы тиіс. Акционерлер Жалпы жиналысы күн тәртібіне Ірі акционер немесе Директорлар Кеңесі өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады. Қоғам акционерлеріне толықтырулар енгізілуі туралы хабарламаны 15 күн бұрын жіберуі шарт. Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста дауыс беруші акциялардың көпшілігімен жүзеге асырылады. Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібінің отпей қалған жиналыстың күн тәртібінен айырмашылығы болмауы керек.

14.20. Егер Қоғамның дауыс беруші акцияларының 95 % (тоқсан бес пайызын) иеленуші. Акционерлер Жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің көпшілігі дауыс берсе, күн тәртібіне толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі мүмкін. Мына жағдайларды есептемегенде, дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша өтеді:

14.20.1. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлауда кумулятивті дауыс беру;
14.20.2. Бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санына шектеуді;
14.20.3. Акционерлер Жалпы жиналысын өткізу мәселелері бойынша акционерлер Жалпы жиналысында дауыс беру құқығына не әрбір тұлғаға бір дауыстан беру;

14.21. Акционерлер Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде, Акционерлер Жалпы жиналысы хаттамасы құрылып, қол қойылуы тиіс және онда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мәліметтер болу керек.

14.22. Егер заңнамада басқаша қарастырылмаса, Акционерлер Жалпы жиналысын шақыру, өткізу, дайындау шығындары Қоғамға жүктеледі.

14.23. Қоғамның Акционерлер Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлер Жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауысымен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлер Жалпы жиналысы отырысын өткізусіз қолданылады.

14.24. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде, бір нысанда дауыс беру үшін, акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға бюллетеньдер жіберіледі. Қоғамның Акционерлер Жалпы жиналысы нәтижесіне ықпал ету мақсатында, бюллетеньдерді акционерлерге таңдап жіберу құқығы жоқ. Акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға дауыс беру бюллетеньдері, Акционерлер Жалпы жиналысы отырысын өткізуге 45 күн қалғанға дейінгі уақыттан кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

14.25. Сырттай дауыс беруді өткізуде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған талаптар сақталуы керек.

15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

15.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның нағыз Жарғысында Акционерлер Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, алмайды.

15.2. Директорлар Кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

15.2.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
15.2.2. Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
15.2.3. Қоғамның акцияларын орналастырылу және олардың жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылу бағасы туралы шешім қабылдау;
15.2.4. Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
15.2.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;
15.2.6. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздар шығару талаптарын айқындау;
15.2.7. Қоғамның атқарушы ұйымының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшыс және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
15.2.8. Қоғамның бас директорына сыйақы, лауазымдарға жалақы мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын анықтау;
15.2.9. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
15.2.10. Аудиторлық және бағалауды ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін анықтау;

15.2.11. Корпоративті хатшыны тағайындау, оның қызмет ету мен қызметінен ерте босатылу мерзімдерін анықтау, сонымен қатар оның еңбекақы мөлшері мен сыйақы талаптарын анықтау;

15.2.12. Аудиторлық ұйымның қызметіне төлем, сондай-ақ Қоғамның акциясын төлеуге берілген немесе ірі келісім құралы болатын мүліктің рыноктік құнын бағалаушы қызметіне төлем мөлшерін анықтау;

15.2.13. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында, оның атқарушы ұйымы қабылдайтын құжаттарынан басқа), сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарға қол қойылу, аукцион өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайтын ішкі құжаттарды бекіту;

15.2.14. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15.2.15. Қоғамның басқа заңды тұлғалардың қызметі туралы мәселелер бойынша және олардан 10 % (он пайыз), не одан артық акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау;

15.2.16. Өз жеке капиталының 10 % (он пайызын), не одан артық мөлшердегі көпшілігіне Қоғамның жауапкершілігінің артуы;

15.2.17. Бұрынғы Тіркеушімен келісімшарт бұзылған жағдайда, Қоғамның Тіркеушісін таңдау;

15.2.18. Қоғамның және оның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпия ақпараттарын анықтау;

15.2.19. Қоғамның мүддесіндегі ірі келісімдер мен келісімдерді жасау туралы шешім қабылдау;

15.2.20. Қазақстан Республикасының заңнамасында және / немесе нағыз Жарғымен қарастырылған, Акционерлер Жалпы жиналысы құзыреттілігіне жатпайтын, басқа да мәселелер.

15.3. Директорлар Кеңесі құзыретіндегі мәселелерді Қоғамның Бас директорына шешімге беруге болмайды. Қоғамның Директорлар Кеңесі нағыз Жарғыға сәйкес, Қоғамның Бас директорының құзыретіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға, Акционерлер Жалпы жиналысы шешіміне қарсы шешім қабылдауға құқығы емес.

15.4. Бұрынғы Қоғам Директорлар Кеңесінің қызметі тоқталса, Қазақстан Республикасының заңнамасында, нағыз Жарғыда, қарастырылған тәртіпке байланысты Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері сайланады немесе қайта сайланады. Директорлар Кеңесінің мүшелері 3 жылға сайланады. Қоғам Директорлар Кеңесінің құрамы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 3 адамнан тұрады.

15.5. Қоғам Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс берумен жүзеге асады. Акционер өзіне қатысты акциялар бойынша, Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелерінің бір не бірнеше кандидатына дауыс беруге құқығы.
Қоғам Директорлар Кеңесіне ең көп дауыс алған кандидат сайланған болып есептеледі.

15.6. Акционерлер Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің қызметін тоқтатуға құқығы.

15.7. Қоғам Директорлар Кеңесінің мүшелерінің тоқталуы жазбаша ескерту негізінде жүзеге асырылады. Қоғам Директорлар Кеңесінің мүшелерінің мұндай қызметі жазбаша ескерту алған кезден бастап тоқтатылады.

15.8. Қоғам Директорлар Кеңесіне мүше болып, Қоғамның акционері емес, Қоғам мүддесін қорғайтын өкіл ретінде, Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлана алады. Мұндай мүшелердің саны Қоғам Директорларының құрамының 50 % (елу пайызынан) аспауы қажет.

15.9. Директорлар Кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігі Тәуелсіз директор болуы тиіс.

15.10. Қоғам Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар бірнеше рет қайта сайлана алады.

15.11. Қоғам Директорлар Кеңесінің төрағасы көпшілік дауыспен Директорлар Кеңесінің мүшелері арасынан, ашық дауыс беру арқылы сайланады. Қоғам Директорлар Кеңесі, жылына бір реттен жиі емес. Қоғам Директорлар Кеңесінің төрағасын сайлауға құқылы. Қоғам Директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғам Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады. Қоғам Директорлар Кеңесінің отырысын шақырады. Директорлар Кеңесі отырысын жүргізіп, оларға басшылық етеді.

15.12. Қоғам Директорлар Кеңесінің отырысы қажеттілік бойынша өткізіледі. Қоғам Директорлар Кеңесінің отырысы Қоғам Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Бас Директорының бастамашылығымен және мына тұлғалардың талап етуімен шақыртылады:

15.12.1. Қоғам Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

15.12.2. Қоғамның ішкі аудиті қызметкерімен;

15.12.3. Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйыммен;

15.12.4. Қоғамның ірі акционерлерінің талап етуімен.

15.13. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның жарғысында белгіленеді, бірақ ол Директорлар Кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

15.14. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады . Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесінің мүшелерінің жай жай көпшілік дауысымен қабылданады.

15.15. Директорлар Кеңесінің шешімі ашық отырыс өткізусіз, сырттай дауыс беру арқылы, немесе Директорлар Кеңесінің отырысына қатысып отырған Қоғам Директорлар Кеңесінің мүшелерінің бірге дауыс беруі (аралас дауыс беру) арқылы қабылданады. Қоғам Директорлар Кеңесінің отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беруді өткізу және Қоғам Директорлар Кеңесінің аралас дауыс беру отырысын өткізу үшін Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, бір формада дауыс беру бюллетеньдері жіберіледі. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде :

15.15.1. Қоғамның толық атауы мен орналасқан жері;
15.15.2. сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап еткен тұлға туралы мәлімет;
15.15.3. сырттай дауыс берудің бюллетеньдерін үсынудың ақырғы мерзімі;

15.15.4. Директорларының Кеңесінің ашық отырысын өткізбей, сырттай дауыс беруді дауыстарын санау күні;

15.15.5. Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру отырысының күн тәртібі;

15.15.6 егер Қоғам Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру отырысының күн тәртібінде, Қоғамның атқарушы үйымын сайлау туралы мәселе қаралса, онда сайлануға ұсынылған кандидаттар аттары;

15.15.7. дауыс беруге қойылған мәселелер;

15.15.8. сырттай дауыс беру арқылы өткізілін отырған. Қоғам Директорлар Кеңесінің отырысының әрбір мәселесі бойынша: «қарсы емеспін», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген сияқты дауыс беру нұсқалары;

15.15.9 сырттай дауыс беру арқылы өткізілін отырған. Қоғам Директорлар отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселеге байланысты дауыс беру тәртібін түсіндіру (бюллетеньдерді толтыру) сияқты мәліметтер болу қажет.

15.16 Сырттай дауыс беру бюллетеніне Қоғам Директорлар Кеңесінің мүшесі қол қояды, және оның жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері жазылады. Қоғам Директорлар Кеңесінің мүшесінің қолынсыз бюллетень жарамсыз деп есептеледі.. Қоғам Директорлар мүшесі бюллетеньді толтыру тәртібін сақтап, бюллетеньде аталған дауыс беру нұсқаларын дұрыс белгілесе ғана, дауыс саны есептеледі.

15.17 Қоғам Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі хаттамада жазылады. Хаттамаға отырысқа басшылық етуші тұлға мен Қоғам Директорлар Кеңесінің хатшысы қол қояды.

15.18 Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысында ашық түрде немесе аралас дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері хаттамада жазылады. Бұл хаттама отырыс өткеннен кейін 3 күнде жазылады, оған отырыс төрағасы, Қоғам Директорлар Кеңесі мүшелері қол қояды. Сондай-ақ, хаттамада Қазақстан Республикасының заңнамасымен, пағыз Жарғымен, ішкі нормативті құжаттармен, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мәліметтер болуы тиіс.

16. АТҚАРУШЫ ҮЙЫМ.

16.1. Бас директор Қоғамның Атқарушы үйымы болып табылады. Бас директор атымдағы қызметке Директорлар кеңесі көздеген айрықша бағыттар негізінде басшылық жасайды.

16.2. Бас директор Қоғамның Директорлар Кеңесі мен акционерлер Жалпы жиналысының шешімдерін орындауға міндетті.

16.3. Бас директордың қызметі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, пағыз Жарғымен, ішкі нормативті құжаттармен, сондай-ақ Қоғам мен Бас директор арасындағы жасалған жеке еңбек шартымен белгіленеді.Қоғам атынан атқарушы органның басшысымен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе осыған жалпы жиналыс немесе Директорлар Кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды.

16.4. Бас директор Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе пағыз Жарғымен. Қоғамның басқа үйымдары құзыреттілігіне немесе лауазымды тұлғалардың құзыреттілігіне берілмеген. Қоғамның кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

16.5. Бас директор бір жылға сайланады және кез келген мерзімде бірнеше рет қайта сайлануы мүмкін.

